

А. Жумабаев^{1*}, У. Ахметова²

¹«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК, Қазақстан, Сарайшық қ.

²Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау қ.

*e-mail: tarix212@mail.ru

ХОРЕЗМ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ

Мақалада белгілі археолог, шығыстанушы Сергей Павлович Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының ортағасырлық Сарайшық қаласына арналған зерттеуі қарастырылған. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) 1937–1992 жылдар аралығында Орталық Азияда ірі зерттеулер жүргізген. Экспедицияның негізін Сергей Павлович Толстов қалады. Зерттеулердің дереккөздік базасы Ресей Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының архив қорында сақталған. Дереккөздер негізін экспедиция материалдары мен оның мүшелерінің күнделіктері, ғылыми есептер құрайды. Мақаланың ғылыми жаңалығы – Хорезм экспедициясының 1950 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы зерттеуі туралы мәліметтердің алғаш жариялануы, ғылыми айналымға қосылуы деп санаймыз.

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № АР19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII–XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Түйін сөздер: археология, Сарайшық, Хорезм экспедициясы, Жайық, қазба.

A. Zhumabaev^{1*}, U. Akhmetova²

¹RSOE «State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyk», Kazakhstan, Saraichik

²Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Kazakhstan, Atyrau

*e-mail: tarix212@mail.ru

Khorezmian archaeological-ethnographic expedition and Saraishyk

The article examines the research of the Khorezmian Archaeological-Ethnographic Expedition to the medieval settlement of Saraishyq led by the famous archaeologist and orientalist Sergei Pavlovich Tolstov. In the period 1937-1992 the Khorezmian Archaeological-Ethnographic Expedition (KhAEE) conducted large-scale research in Central Asia. The founder of the expedition was Sergei Pavlovich Tolstov. The research source base is kept in the archival fund of the N.N.Miklukho-Maklay Institute of Ethnology and Anthropology of the Russian Academy of Sciences. The sources are based on the materials of the expedition and the diaries of its participants, scientific reports. We consider the novelty of the article to be the first to publish information about the research of the Khorezmian expedition in 1950 at the medieval settlement of Saraishyq and its inclusion in scientific circulation.

The article was prepared within the framework of project No. AP19678171 "The capital city of Saraishyq in the context of the historical and cultural heritage of the Zhoshy Ulus (XIII-XVI centuries)" under grant funding from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Key words: archeology, Saraishyq, Khorezmian expedition, Zhaiyk, excavations.

А. Жумабаев^{1*}, У. Ахметова²

¹РГКП «Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық», Казахстан, г. Сарайчик

²Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова, Казахстан, г. Атырау

*e-mail: tarix212@mail.ru

Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция и Сарайшык

В статье рассмотрены исследования Хорезмской археолого-этнографической экспедиции на средневековом городище Сарайшык под руководством известного археолога и востоковеда Сергея Павловича Толстова. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция (ХАЭЭ) проводила масштабные исследования в Центральной Азии в период 1937-1992 годов. Основателем экспедиции был Сергей Павлович Толстов. Источниковая база исследований

хранится в архивном фонде Института этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая Российской Академии Наук. Основу источников составляют материалы экспедиции и дневники ее участников, научные отчеты. Новизну статьи мы считаем, что впервые опубликованы сведения об исследованиях Хорезмской экспедиции 1950 года на средневековом городище Сарайшык и включением ее в научный оборот.

Статья подготовлена в рамках проекта № AP19678171 «Столичный город Сарайшык в контексте историко-культурного наследия Улуса Жошы (XIII-XVI вв.)» по грантовому финансированию Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2023-2025 годы.

Ключевые слова: археология, Сарайшык, Хорезмская экспедиция, Жайык, раскопки.

Кіріспе

Еуропа мен Азияны жалғастырған Ұлы Жібек жолының сауда және Алтын Орданың мәдени орталығы, Ноғай және Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласы Атырау облысы орталығынан 50 шақырым жерде орналасқан.

Ортағасырлық Сарайшық қаласына іргелі археологиялық зерттеулер кеңестік заманда басталды. Оның бастамасын археолог Н.К. Арзютов қалады. Ол «моей первой и главной на 1937 г. задачей было отыскание жилой части города...» деп нақтылап көрсетеді. Оның назарын осы аймақтан табылған мыс және күміс теңгелер аударады. Зерттеуші қазба жұмыстарын жүргізбес бұрын жер бетінен жиырмадан астам монеталарды тауып алып, оларды тексеруге жібереді. Оның ішінде 11-і тазаланып, теңгелердің хронологиялық мерзімін анықтауға көңіл қояды. Табылған монеталардың 9-ы Өзбек ханның кезінде қолданылған теңгелер болса, ал 1-і Қызыр ханның кезінде соғылған теңгелер екенін анықтаған. Осылайша бұл табылған теңгелердің уақытын XIV ғасырдың екінші жартысына сәйкес деген тұжырымға келеді. Археологиялық қазба барысында Н.К. Арзютов 13 ор қазып, орлардың құрылымын сипаттайды. Қазба қортындысында алғаш рет «Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчика» ғылыми есеп дайындалады [Арзютов 1949:126]. Ғалым мұрасы тарихшы Ә.Мұқтардың мақаласында жан-жақты талданды [Мұқтар, Сарсенбаев 2018: 279-289].

Сарайшыққа жасалған келесі ресми археологиялық экспедицияны Ә.Х.Марғұлан басқарды. «Қазба жұмыстарын жүргіздік. Жұмыстар қаланың солтүстік-батысындағы Жайық өзені жарқабағынан басталды. Нәтижесінде мол керамика мен тұрмыстық материалдар табылып, Сарайшықтың қолөнершілер аумағы анықталды» дей келе, қаланың моңғол шапқыншылығына

дейін қалыптасқанын жария етеді [Мұқтар 2019:8]. Ә.Марғұлан Сарайшық қирандыларының болашақ зерттелуін сол уақыттағы орасан зор құрылыс Сталинград каналымен байланыстырып, Қазақстан ғалымдарын жаңа ізденіске шақырады. Аталған екі экспедицияның зерттеу жұмыстары биік шыңына жетпеді. Н.К.Арзютов репрессияға ұшыраған болса, Әлкей Хақанұлына саяси қуғынның салқыны тиді. Жалпы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы сол кездегі ҚазКСР Ғылым академиясы президенті Қ.И.Сәтбаевтың ерекше қамқорлығы арқасында болған еді.

1950 жылы Ә. Марғұлан экспедициясынан бөлек Сарайшық қаласына сол кездегі КСРО Ғылым академиясының Этнография институтының директоры С.П. Толстов басқарған Хорзем археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің дереккөздік базасын Ресей Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының №142 архив қорында сақталған 1950 жылғы Хорзем археологиялық-этнографиялық экспедициясы мүшелерінің ғылыми далалық есептерімен ұсынылған мұрағаттық деректер, сонымен қатар, экспедиция мүшелерінің жарияланған еңбектері құрайды.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының: хронологиялық, тарихи-салыстырмалы, сипаттамалық жалпығылыми әдістері қолданылды. Тақырып аясында жарияланған Хорзем археологиялық-этнографиялық экспедициясының ғылыми еңбектері сараланып, Ресей Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының архиві және ҚР ҒЖБМ «Ғылым Ордасы» архиві қорларының құжаттарына салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Талқылау

С.П. Толстовтың 1953 жылы «Советская археология» журналында жарық көрген «Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии Наук СССР 1950 г.» [Толстов 1953:301-305] мақаласында және «Археологические и этнографические работы Хорезмской экспедиции. 1949–1953 гг.» [Археологические и этнографические работы 1958] еңбегінде тақырыпқа арқау болып отырған Сарайшық қаласына жүргізілген зерттеу жұмыстары туралы мәліметтер келтіріледі.

«Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии Наук СССР 1950 г.» мақаласында экспедицияның соңғы бесжылдықтағы екінші міндеті – ежелгі Хорезм мемлекетінің орталық аймағының ғана емес, жалпы тарихи бейнені қалпына келтіру мақсатында Хорезм аймағынан асып, Қарақұм, Қызылқұм және Үстірт аумақтарына тереңірек жүргізілген ауқымды жұмыстар көрсеткендей, ежелгі және ортағасырлық Хорезм тарихында өте үлкен орны бар далалық тайпалардың экономикалық және мәдени өмірін зерттеу болғанын және аталған жұмыстардың 1946-1950 жылдар аралығында жүйелі түрде жүргізілгенін көрсетеді [Толстов 1953:301].

1950 жылы экспедиция КСРО Ғылым академиясының Этнография институты Мәскеу мемлекеттік университетінің тарих кафедрасының (Археология, Этнография, КСРО тарихы және Шығыс тарихы кафедрасы) қатысуымен ұйымдастырылды. Дала жұмыстары 4 айдан астам уақытқа 1950 жылдың 1 шілдесі мен 8 қарашасы аралығында созылды. Археологиялық зерттеулермен қатар этнографиялық жұмыстар жүргізілді: тарих ғылымдарының кандидаты Т.А. Жданко басқарған этнографиялық отряд – Қарақалпақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Шуманай және Төрткүл аудандары халқының мәдениеті мен өмірін зерттеді [Толстов 1953:302].


Экспедиция құрамында 52 ғылыми, ғылыми-техникалық және көмекші жұмысшылар және жүзге жуық жер қазушы-жұмысшылар жұмыс істеді. Нүкіс Азаматтық әуе флоты жасағының ұшқыштары әуе барлау жұмыстарына қатысты. 1950 жылы Хорезм экспедициясының құрамы төмендегідей болды: археологиялық отрядта –

экспедиция жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы С.П. Толстов, экспедиция басшысының ғылыми істер жөніндегі орынбасары – сәулетші М.А. Орлов, экспедиция басшысының әкімшілік бөлімі бойынша орынбасары – Ф.И. Жуков; Зерттеушілер – археологтар Н.Н. Вактурская, О.А. Вишневская, сәулетші А.А. Сипко; аспиранттар-археологтар М.А. Итина, Д.Дурдыев; Мәскеу мемлекеттік университетінің (ММУ), И.Мадияров атындағы Қарақалпақ педагогикалық институтының студенттері; Қарақалпақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының өлкетану мұражайының зерттеушілері В.В. Никонова, Е.Д. Салтовская; суретші Н.А.Юсов, фотограф Г.А. Аргиропуло, реставратор О.А. Кирьянова, этнографиялық топта – топ жетекшісі, т.ғ.к., Т.А. Жданко; Этнография институтының аспиранттары – С.Камалов, Р.Косбергенов, Л.П.Сорокин; Мәскеу мемлекеттік университетінің аспиранты Г.П.Латышева; Мәскеу мемлекеттік университетінің студент-практиканттары, суретші И.В. Савицкий. Этнографиялық отряд қызметкерлері экспедицияның археологиялық жұмыстарына қатынасты [Толстов 1953:303-304].

1950 жылы Хорезм экспедициясының археологиялық жұмыстары үш бөлікке бөлінді. Олардың ішіндегі ең бастысы Топырақ-қала қонысындағы қазба жұмыстарын жалғастыру болды, экспедиция басталғанда және соңында екі барлау бағыты жүргізілді.

Бірінші бағыт – Жайық өзеннің төменгі ағысынан бастап, Үстірт қыратынан Хорезмге дейінгі ерте ортағасырлық керуен жолы бойымен зерттеу жұмыстары шілде айында жүргізілді (1-сурет). Бұл керуен жолды алғаш рет 1946 жылы Үстірттің оңтүстік-шығыс бұрышын әуе барлау кезінде табылды, бірақ содан кейін бірнеше ондаған шақырым жолды қадағаланды. 1950 жылы М.А. Орлов басқарған экспедиция жасағы автокөлікпен жүріп өтіп, ерте ортағасырлық керуен-сарайлардың көптеген қирандыларын және маңызды сауда жолында орналасқан басқа да құрылыстарды зерттеді.

Сарайшықтағы зерттеулер туралы С.П. Толстовтың «Археологические этнографические работы Хорезмской экспедиции 1949-1953» еңбегінде қысқаша ақпарат келтіріледі [Толстов 1958:14-15].



1-сурет – Хорезм экспедициясының археологиялық маршрутының схемалық картасы [Толстов 1953:302]

Орал-Үстірт маршруты жасағының қатысушылары: экспедиция жетекшісінің ғылыми істер жөніндегі орынбасары – М.А. Орлов; ғылыми қызметкерлер мен студент-практиканттар – Н.Н. Вактурская, О.А. Вишневская, Ю.А. Рапопорт, Р.Л. Садоков, Л.С. Толстова, А.Г. Тургенев-Амитиров; сәулетші – А.А. Сипко; фотограф – Г.А. Аргиропуло; КСРО Ғылым академиясының экспедициялық автотұрағының жүргізушілері – Н.С. Горин, М.М. Гордеев, Г.Я. Зайковский, Р.И. Иофин; техникалық қызметкерлер – В.В. Албан, И.Калимулин.

Төрт ГАЗ-51 автокөлігімен 15 адамнан тұратын «Орал-Үстірт» жасағы шілде айының басында Мәскеуден Оралға, содан кейін алғашқы және ең үлкен зерттеу объектісі – Жайық өзенінің төменгі ағысында орналасқан Сарайшық қаласына бет алды. Ежелгі қала моңғол кезеңінің дереккөздерінде кездеседі және зерттеушілер Сарайшық қаласын моңғол, Алтын Орда заманына жатқызады. Алайда 1950 жылғы экспедиция жұмыстарының нәтижесі

Сарайшықтағы төменгі мәдени қабаттың моңғол дәуірі дейінгі кезең екенін және археологиялық материалдардың сипатына сәйкес XI ғасырдағы Хорезм ескерткіштерінің материалдарынан айтарлықтай ерекшеленбейтінін көрсетті. С.П.Толстов қазір «Сарайшық» атауы түпнұсқа емес деп болжауға негіз бар екенін; бұл елді мекен ортағасырлық Саксин қаласына сәйкес келетінін және Сарайшық қаласы XI ғасырда, немесе X ғасырда салынды деп топшылады. Қала төменгі Еділ бойындағы жолда орналасқан Жайық өзені жағасындағы Хорезм мемлекетінің отары болуы мүмкін. Осылайша, төменгі және орта Еділ бойындағы ерте ортағасырлық тарихи оқиғалардағы Хорезм мемлекетінің алатын рөлі туралы өткен жылдардағы зерттеу материалдары жаңа деректермен расталды делінеді (Толстов 1958:14).

Ресей Ғылым академиясының Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институтының архив қорында сақталған, бұрын жарық көрмеген М.А. Орловтың «Краткий пред-

варительный отчет о разведке караванных дорог между Сарайчиком на р. Урал и районом Куны-Ургенч – Хорезм» еңбегінде Сарайшық қолданысы орынында қысқа уақытта зерттеу жұмыстарын жүргізгенін келтіреді. Есепте алтынордалық қыш ыдыс сынықтары, көлемді пештердің қолданылары, керамикалық мұржа тұрбалары, тиындардың көптеп табылғанын келтіреді. Сонымен қатар, Жайық өзенінің Сарайшықты шайып жатқаны, көп бөлігінің жойылғанын атап өтеді. Есептен қысқаша үзінді келтірсек: «6 июля отряд выехал из Уральска по Гурьевской дороге на Сарайчик. 7-го числа провели кратковременное обследование развалин Сарайчик. Территория городища с современным населенным пунктом, но распространяется несколько севернее. На поверхности никаких следов планировки или сооружений почти не сохранилось. Лесовая бугристая поверхность городища покрыта сгущающимися в некоторых местах выходами мелко дробленной типично золотоордынской керамики и большим количеством монет. Речка Урал в районе Сарайчика интенсивно смыывает обрывистые берега и, видимо, уже в значительной степени уничтожила территорию самого городища. Нами был обследован участок обрыва к северу от современного поселка. Здесь в обрыве нами обнаружены остатки нескольких крупных печей из обожженного кирпича, керамические трубы служащие дымоходом, выходы кладки отдельных стен. Обрывом раскрыто большое количество кирпичных сводчатых захоронений. Высокий берег реки обильно засыпан слоем обожженного кирпича. Собранные подъемные материалы – керамика характера абсолютным сходством с керамикой Шемахи» (Орлов 1950а:32).

Экспедиция ертеңгі күнін Сарайшықтан Сарай бағытына шығатын керуен жолының жалғасына барлау жүргізу үшін пайдаланған. Экспедиция жетекшісі М. Орлов Алтын Орда дәуірінде оның құрылыстары салынған жағдайда зерттелетін жол Сарайшықта аяқталмауы керек және Сарай қалаларына қарай жалғасы болуы керек деген болжамнан бастадым деп атап өтеді. Батыс бағытта 50 км радиуста барлау құрылыстар туралы ешқандай мәлімет бермеген. Келесі, деректер белгілі ескерткіш Сағыз-Тас-Кешу өзені арқылы өткел жоспарланған болатын. Алайда олардың арасындағы қашықтық шамамен 100 км. Сарайшықтан келе жатқан жолда кем дегенде тағы бір жабдықталған керуен аялдамасының болуын болжауға мүмкіндік береді. Сондықтан Гурьев ауданында өткел

жүргізгеннен кейін біз Шығыс жағалаумен Сарайчик маңындағы ескі өткелге оралдық және осы жерден компаспен Таскешу керуен-сарайына қарай шамамен 50 шақырым жүріп өткен, ешқандай ескерткіштер таппағанын атап өтеді. Экспедиция оңтүстікке қарай Гурьев-Доссор жолына бұрылып, 9 шілдеде Мақат ауданындағы Білеулі құдықтарына барлау жүргізілген (Орлов 1950а:33).

Архив қорында сақталған М.А. Орловтың «Средневековая караванная дорога из Хорезма к Поволжью» атты мақаласында Сарайшықтың біз білетін Хорезм ескерткіштерінің көпшілігінен айырмашылығы, мұнда үйлердің немесе көшелердің нақты орналасу іздерін байқау мүмкін емес екендігін атап өтеді. Сарайшық керамикасының алуан түрлілігі туралы мақаладан үзінді түрінде келтірсек: «Обилие фрагментов всевозможных керамических изделий дает богатый материал для определения эпохи существования городища. Прежде всего бросается в глаза абсолютное сходство поливной керамики Сарайчика с керамикой хорошо известного нам памятника кануна Монгольского нашествия и времени Золотой Орды -Шемахакала в районе Куны-Ургенча. Сходство керамики настолько велико, что фрагменты некоторых сосудов невозможно отличить от аналогичных сосудов из Шемаха-кала. Этот тип керамики, именуемый обычно монгольским, связывает Сарайчик как с Золотоордынскими Сараями с одной стороны, так и с Куны-Ургенчем. Производство керамики этого типа, широко распространенное в Хорезме, видимо, по своему происхождению связано с ним». (Орлов 1950б:83-84).

Архив қорында ғылыми айналымға түспеген экспедиция мүшелері Н.Н. Вактурская (Вактурская 1950), К.Д. Берестов (Берестов 1950), Г.А.Аргиропуло (Аргиропуло 1950) Ортағасырлық Сарайшықтағы зерттеу жұмыстары туралы өз күнделіктеріне жазып қалдырған.

Академик С.П. Толстовтың шәкірті Е. Бижановтың «Археологические памятники Юго-Восточного Устюрта» атты кандидаттық диссертациясын Батыс Қазақстан археологиясы турасында алғаш іргелі зерттеулердің қатарына жатқызуға болады. «В 1950 г. Хорезмской экспедицией проведен Уральско-Устюртский маршрут. При этом обследованы караван-сарай: Учкудук, Косбулак, Белеули, Чурук, Коскудук, окрестности ключей Учкан, Бокачи, караван-сарай Тас-кичу, Белеули и городище Сарайчик. На караван-сараях Белеули и Коскудук заложены шурфы, а на городище Сарайчик сделана зачистка, на основе которой

С.П. Толстов отнес первоначальную постройку к IX-X вв» (Бижанов 1967:18). Диссертацияда Сарайшық қаласындағы алғашқы құрылыстар IX-X ғасырларда салынғаны айтылады.

Сарайшық – Саксин қаласының орны емес, өз алдына бөлек, бой көтерген қала екендігі анық. Ал Саксин болса қазіргі Астрахан қаласының маңы, Бату сарайының төңірегінде орналасқан қала.

Бұл жерде тоқталатын бір оқиға, жоғарыда айтылғандай осы мезгілде Қазақ КСР Ғылым Академиясының «Тарих, археология және этнография» институтының 1950 жылғы 5 маусымдағы №54-інші бұйрығы бойынша институттың жоспарына сәйкес осы жылдың 28 мамырынан бастап Батыс Қазақстан (Сарайшық) археологиялық экспедициясын ұйымдастыру жолға қойылды. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының басты міндеті – XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақтардың материалдық мәдениеті мен әлеуметтік жүйесін зерттеу және өткен жылы болған Орталық Қазақстан экспедициясымен байланыстыру үшін Сарайшықтан Ырғыз (Торғай) даласы арқылы Ұлытауға дейінгі керуен жолының орнын нақтылау. 1950 жылы Сарайшықтың орналасқан жерін топографиялық анықтау, Жайық өзені мен ежелгі керуен жолдары бойынша барлау, қалашықтың жоспары мен стратиграфиясын анықтау мақсатында қала шегіндегі алдынала қазба жұмыстары жоспарланды. Экспедиция құрамы – 5 адам. Экспедиция жұмысының мерзімі – 1950 жылдың маусым-шілде айы (ҚР ҒЖБМ «Ғылым Ордасы», 11-қ. 1-т. 65 іс. 22-п.).

М.А. Орлов басқарған Жайық-Үстірт жасағы шілде айында Мәскеуден шықса, Ә.Х.Марғұлан басқарған отряд маусым айында Алматы қаласынан шыққан. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы бастығының орынбасары, аға ғылыми қызметкер Героним Иосифович Пацевич өз күнделігінде 1950 жылдың 2-інші шілдесінде Сарайшық қаласын зерттеу жұмыстары басталғанын, жергілікті жерде жұмыс күші болмай, экспедицияның қалған тобы 10 шілдеде келгенін, №1-інші қазба жұмысының шілде айының 13-інші жұлдызында басталғанын жазған (ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, 11-қ. 2-т. 205 іс. 36-38 п.). М. Орлов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы 7 шілдеде Сарайшық қаласы орынында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Аталған экспедициялардың Сарайшықта болған уақыттарын архив мәліметтері бойынша салыстырмалы түрде қарасақ кездесулері әбден

мүмкін, бірақ дәлел болатындай екі есепте де ешқандай дерек кездеспейді.

Г.И. Пацевичтің «Раскопки развалин древнего города Сарайчик» мақаласынан үзінді келтіре кетсек: «Несмотря на значительную мощность (до 3 и более метров) культурных напластований весь добытый раскопками материал в основном относится лишь к одному, так называемого монголо-тимуридскому периоду (XIII-XIV вв.), хотя вполне возможно, что город этот и вырос на месте более древнего поселения, останков которого раскопками 1937 и 1950 г. обнаружено не было» (ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, 11-қ. 2-т. 241 іс. 32 п.). Сарайшық қаласында жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері тек қана моңғол дәуіріне жататынын жазады.

Ә.Марғұлан Сарайшықтағы қазба қорытындылары туралы 1951 жылы өткен КСРО-дағы Бүкілодақтық археологиялық кеңесте баяндама жасайды. Ғалым Сарайшық орнындағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде қала дамуының үш кезеңін анықтайды: Моңғол дәуіріне дейінгі (XI-XIII ғғ.), Алтын Орда заманы (XIII-XIV ғғ.) және Ноғай заманы (XV-XVI ғғ.) (ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, 11-қ. 2-т. 219 іс. 4 п.). Ә. Марғұлан баяндамасына тарихшы А.Н.Бернштам: «Я склоняюсь к хорезмийскому происхождению Сарайчика. Необходимо продолжение раскопок», - десе, С.С. Черников: С.П. Толстовтың Сарайшық- Хорезм колониясы деп келтіргенін, Ә.Х. Марғұлан Сарайшықтағы көне қабат печенегтерге тиелісі екенін, осы арада шындықты білу үшін Сарайшықта қазба жұмыстарын жалғастыру керектігін алға тартады (ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, 11-қ. 2-т. 219 іс. 7 п.).

Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1951 жылға жоспарланған бағдарламасы бойынша Сарайшық қаласына кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуі керек болған. Жұмыстың аннотациясына тоқталсақ.

Жоба тақырыбы: «Сарайшық – Жайық өзені бойындағы ірі қолөнер орталығы» (Меридиандық көшпелі бағыттар және ежелгі Қазақстандағы отырықшы және көшпелі мәдениеттің мәселелері). Жетекшісі профессор – Ә.Х.Марғұлан, профессор М.Е. Массон; орындаушылар Г. И. Пацевич, Е.И. Агеева, П. В. Агапов, Т. Н. Сенигова, А. Г. Максимова, Х. Алпысбаев. Күтілетін нәтижелер және олардың маңызы: Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде қаланың орналасуы мен сәулеттік келбетін, қолөнердің дамуын, XIII-XV ғасырларға арналған қыш өндірісі, қыпшақтардың мәдениеті мен өнері, олардың экономикасы

мен әлеуметтік жүйесі, сонымен қатар қыпшақ тайпалық бірлестіктерінің этногенезі туралы бай материалдар ұсынады (ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым Ордасы», 11-қ. 1ж-т. 558 іс 139 п.).

Экспедицияның негізгі міндеттері келесі мәселелерді құрады:

Жайық өзені бойында орналасқан Сарайшық қаласында қазба жұмыстарын жалғастыру:

А) су басу аймағында орналасқан үлкен сарай ғимаратын ашу;

Б) сырланған қыш бұйымдар мен сырлы сәулеттік плиталарын дайындаған керамикалық шеберхананы тазалау;

В) Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың бейінін анықтау, қала мен қалалық орамның жоқпарлануын анықтау мақсатында қалашықтың орталық бөлігіндегі үлкен аланды қазу;

Г) қалалық фортификациялық құрылыстардың қақпаларын тазалау;

Д) монументалды сәулет ескерткіштерін қазу.

Осы күрделі міндеттерді табысты жүргізу үшін экспедиция кемінде 2,5 ай болуы тиіс (ҚР ҒЖБМ «Ғылым Ордасы», 11-қ. 1ж-т. 558 іс 139 п.).

Өкінішке орай, Сарайшық қаласын күрделі зерттеуді мақсат еткен жоба жүзеге аспады.

Ә.Х. Марғұлан бастаған экспедиция Орталық Қазақстан территориясындағы қола дәуірі қоныстарын зерттеген болса, С.П. Толстов экспедициясы 1951 жылдан Қарақалпақстан автономиясы аумағында орналасқан Қойқырылған қаласына зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Сарайшық қаласы орнына кешенді түрде, толық археологиялық қазба жұмыстары С.П. Толстов, Ә.Х. Марғұлан жетекшілік еткен экспедициялардан кейін 1989 жылға дейін тоқтады.

Қорытынды

С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы және де Ә.Х. Марғұлан жетекшілік еткен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген археологиялық зерттеулер Сарайшықтың Алтын Орданың экономикалық, мәдени және саяси орталығы ғана емес екендігін, моңғол дәуіріне дейін, яғни XI ғасырдан бастап өмір сүргенін көрсетті. Бүгінгі таңда Сарайшық ортағасырлық тарихымыздың құнды тарихи-мәдени ескерткіші саналады, оның шикі кірпіштен тұрғызылған құрылысын сақтай отырып ашық аспан астындағы музей құру ескерткіштің ішкі және халықаралық туризм жүйесіне енуіне жол ашар еді.

Әдебиеттер

- Аргиропуло Г.Г. (1950) Хорезмская экспедиция. 1950 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 44.
- Арзютов Н. (1949) Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. На месте развалин Золотоординского города Сарайчика // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая. – Алма-Ата, 1949. – Вып. 2. – с. 126-134.
- Берестов К.Д. (1950) Хорезмская экспедиция маршрут через Устюрт. 1950 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 37.
- Бижанов Е. (1967) «Археологические памятники Юго-Восточного Устюрта» / Дис. ... канд. истор. наук. – Москва, 1967. – 205 с.
- Вактурская Н.Н. Хорезмская экспедиция маршрут через Устюрт. 1950 г. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 36.
- ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, Қ.11, Т.2, 205 іс.
- ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, Қ.11, Т.2, 241 іс.
- ҚР ҒЖБМ ҒК АИ, Қ.11, Т.2, 219 іс.
- ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 65 іс.
- ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1 ж., 558 іс.
- Мұқтар Ә., Сарсенбаев Е. (2018) Н.К.Арзютов Ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеуші // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2018. №4. -279-289 б.
- Мұқтар Ә. (2019) Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі // EGEMEN QAZAQSTAN. -2019. -№44(29523). -6 наурыз.
- Орлов М.А. (1950а) Краткий предварительный отчет о разведке караванных дорог между Сарайчиком на р. Урал и районом Куня-Ургенч – Хорезм. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 15. 32-38 л. Москва.
- Орлов М.А. (1950б) Средневековая караванная дорога из Хорезма к Поволжью. // Архив ИЭА РАН, фонд 142, опись 2, ед. хр. 15. 77-108 л. Москва.
- Толстов П.С. (1958) Работы Хорезмийской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1949–1953 гг. // Археологические и этнографические работы Хорезмийской экспедиции 1949–1953 гг. Том II. М.: изд-во АН СССР, 1958. С. 7–258
- Толстов С.П. (1953) Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г. // Советская археология, Москва, 1953 г. Т.18, С.301-325.

References

- Argiropulo G.G. (1950) Horezmskaia ekspeditsia. 1950 g. // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 44. [in Russian].
- Arzyutov N. (1949) Otchet o raskopkakh, proizvedennykh v 1937 g. Na meste razvalin Zolotoordinskogo goroda Saraichika [Report on excavations carried out in 1937 at the site of the ruins of the Zoloto Ordian city of Saraichik] //Izvestiya Akademij nauk Kazahskoi SSR. Seriya arheologicheskaya.– Alma-Ata, 1949. -Vyp. 2. – s. 126-134. [in Russian].
- Berestov K.D. (1950) Horezmskaia ekspeditsia marshrut cherez Usturt.1950 g. // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 37. [in Russian].
- Bizhanov E. (1967) Arheologicheskie pamyatniki Yugo-Vostochnogo Ustyurta [Archaeological sites of South-Eastern Ustyurt] / Dis. ... kand. istor. nauk. – Moskva, 1967. – 205 s. [in Russian].
- Vakturskaia N.N. (1950) Horezmskaia ekspeditsia marshrut cherez Usturt.1950 g. // Arhiv IEA RAN, fond 142, opis 2, ed. hr. 36. [in Russian].
- Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrlygi Gylym Komiteti A.H. Margulan atyndagy Arheologiya instituty, K.11, T.2, 205 is. [in Russian].
- Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrlygi Gylym Komiteti A.H. Margulan atyndagy Arheologiya instituty, K.11, T.2, 241 is. [in Russian].
- Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrlygi Gylym Komiteti A.H. Margulan atyndagy Arheologiya instituty, K.11, T.2, 219 is. [in Russian].
- Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrlygi Gylym Komiteti «Gylym Ordasy», K.11, T.1, 65 is. [in Russian]
- Kazakstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrlygi Gylym Komiteti «Gylym Ordasy», K.11, T.1 zh., 558 is. [in Russian]
- Muktar A., Sarsenbaev E. N.K.Arzyutov Ortagasyryk Saraishyk kalasyn zerteushi [N.K. Arzyutov is a researcher of the medieval city of Sarayshik] // M. Otemisov atyndagy Batys Kazakstan memleketтик universitetinin Habarshysy. – 2018. №4. -279-289 b. [in Kazakh]
- Muktar A. Alkei Margulannyn Saraishyky zertteui [Alkei Margulan’s study of Sarayshik]// EGEMEN QAZAQSTAN. -2019. -№44(29523). -6 nauryz. [in Kazakh]
- Tolstov P.S. Raboty Horezmiiskoi arheologo-etnograficheskoi ekspeditsii AN. SSSR v 1949–1953 gg. [Works of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition of the Academy of Sciences USSR in 1949–1953] // Arheologicheskie i etnograficheskie raboty Horezmiiskoi ekspeditsii 1949–1953 gg. Tom II. M.: Izd-vo AN SSSR, 1958. S. 7–258 [in Russian]
- Tolstov S.P. Horezmskaya arheologo-etnograficheskaya ekspeditsiya Akademii nauk 1950 g. [Khorezm archaeological-ethnographic expedition of the Academy of Sciences 1950]// Sovetskaya arheologiya, Moskva, 1953 g. T.18, s.301-325. [in Russian]

Қысқартулар тізімі:

- ҚР ҒЖБМ ҒК АИ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитеті Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
- ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым Ордасы» – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитеті Ғылым Ордасы
- ХАЭЭ – Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы
- РФА – Ресей Ғылым академиясы
- ИЭА РАН -Институт этнологии и антропологии Российской академии наук

Авторлар туралы мәлімет:

Жумабаев Амангелді – ғылыми қызметкер, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК. E-mail: tarix212@mail.ru

Ахметова Үлжан – т. г. д., қауымдастырылған профессор, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы, Х. Досмұхамедов атындағы университеті. E-mail: ulzhan.ab7@mail.ru

Сведения об авторах:

Жумабаев Амангелди – научный сотрудник, Государственный историко-культурный музей заповедник «Сарайшық». E-mail: tarix212@mail.ru

Ахметова Улжан – д.и.н., ассоциированный профессор, кафедра истории Казахстана и всемирной истории, Атырауский университет им. Х. Досмұхамедова. E-mail: ulzhan.ab7@mail.ru

Поступило: 17.09.2023

Принято: 15.01.2024